





П. П. Ершов
Г. Зелинский


СУЗИЕ СЖАЛУ КАЗАЙ. ДАЛА.











П. П. Ершов

СҰЗГЕ СҰЛУ

(тариҳи дастан)

Г. Зелинский

ҚАЗАҚ * ДАЛА

(поэмалар)



“АУДАРМА” БАСПАСЫ
АСТАНА – 2004

ББК 84 7-5+84 Пол 7-5

Е 80

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Петр Павлович Ершов.

Е 80 Сүзге сұлу. Тарихи дастан. Ауд. К.Ахметов.

Густав Зелинский.

Қазақ. Ауд. Ә.Ахметов. Дала. Ауд. Т.Жароков. Поэмалар.

Астана: Аударма, 2004.— 152 бет.

ISBN 9965-18-096-2

Бұл кітапқа орыстың көрнекті ақыны Петр Павлович Ершовтың “Сүзге сұлу” атты тарихи дастаны мен поляк ақыны Густав Зелинскийдің “Қазақ”, “Дала” атты поэмалары енгізілген. Бұлар танымдық маңызы зор туындылар.

E 4701000000 — 108
00 (05) — 04

ББК 84 7-5+84 Пол 7-5

6/4

© Қазақша аудармасы,
«Аударма»баспасы, 2004

© Қазақстан кітап графіктері—
суретшілерінің қоғамдық бірлес-

ISBN 9965-18-096-2 КАСАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

Петр Павлович Ершов



БАСПАДАН

“Сүзге сұлу” дастаның орыстың көрнекті ақыны, атақты “Конек-горбуноктың” (“Құныс құнан”) авторы Петр Павлович Ершов (1815-1869) тұра 21 жасында жазған.

Сібіраңыздарында бірде Сыр бойының, бірде Есіл жағасының қызы болып айтылатын Сүзге — Көштім ханның екінші өйелі.

П.Ершовтың бұл шығармасы XIX ғасырдың алғашқы жартысында А.С.Пушкин негізін қалаган, Санкт-Петербургте шығып тұрган “Современник” журналында 1836 жылы туңғыш рет жарияланған.

Тобылдық (Тобольск) мұғалім Е.Молеровский жазған “Сүзге” атты пьеса 1889 жылы жергілікті театрдың сахнасында қойылған. Бұл шығарма театрдың репертуарынан үзақ жылдар бойы түспей келген.

Сондай-ақ сібірлік сазгер И.Корниловтың 1896 жылы жазған “Сүзге” операсында көрермендер аса жылы қабылдаган.

Халқының қамын жеген даңқты апамыздың Ермакқа қарсы куресте көрсеткен шексіз ерлігіне осы шығармалар арқылы мәңгі өлмес ескерткіш орнатылғандай еді. Алайда Сүзге ханымның данышпандығы дәріптеліп, ерлігі жырланған дастан да, соның негізінде жазылған басқа шығармаларда кешегі Кеңес дәуірі түсінда саясатқа сәйкес келмейтін, үстанған идеологияға қайши туындылар ретінде санаттан шығып, бірте-бірте ауызға алынбай қалған болатын.

*Ақын Қуаныш Ахметов халқымыздың аяулы қызына
өлмес ескерткіш орнатып кеткен П.П. Ершовтың тарих үшін
аса маңызды еңбегін Омбы қаласындағы Ф.М. Достоевский
мұражайынан іздел тауып, қазақ тіліне аударып шықты.
Сүзге ханымның ерлігі жайлы бұл дастан қазақ
оқырмандарының назарына тұңғыш рет ұсынылып отыр.*

СҮЗГЕ СҮЛУ

(Сібірді жаулап алу кезеңінен қалған азыз)

КӨШІМ ХАН

Шет-шегін ешкім білмейді,
 Объ, Ертіс, Тобыл, Вагайды...
 Хан Көшім жеке билейді
 Сібірде барлық маңайды.

Сібірдің байтақ аумағы,
 Орал мен Алтай таулары,
 Көшімсіз мұнда күн батпай,
 Көшімсіз атпас тандары.
 Көшімнен шыққан жарлықтың
 Ерекше болды салмағы.
 Искерге салық төлемей
 Бірде-бір ұлыс қалмады.

Көшімде өскер мол тағы,
 Байлықтың хандық шалқары.
 Жасалған асыл тастардан
 Санап көр жүзік, алқаны.
 Есеп жоқ алтын, күмісте,
 Қос оған жанат, торқаны.

Сарайдың іші салтанат,
 Күмістен құйған мол табақ.

Ожаулар алтын өрнекті
 Жайылган кілем-шартарап.
 Тесектер мамық, қисайсаң —
 Кететін лезде қан тараң.

Көшімнің екі өйелі,
 Бірі — күн, бірі — ай еді.
 Аққу тес, текті арулар
 Аузынан тұсken мәйегі.
 Сүйетін перизаттарды
 Хан Көшім қалмай бәйегі.

Жұлдыздай жайнап жанатын,
 Бірінің көзі — қара тұн.
 Бірінің көзі — көк аспан,
 Көрген жан естен танатын.
 Малынып үлде-бұлдеге
 Тотыдай қақса қанатын,
 Аймалап ару жандарды
 Көшім хан ләzzат табатын.

ҮШ ТІЛЕК

Тасса да бақтың арнасы,
 Біткен бе ханның шаруасы?!
 Бір күні Көшім бар істен
 Тыныстап қана болмашы
 Отырған. Жайлап есігін
 Каракез Сүзге қалды ашып.

— Хан ием, менің жарымсың,
 Өзінсің жалғыз әміршім.
 Айтатын тілектерім бар,

Алатын болсаң қабыл шын, —
Деп сөзін Сүзге бастады,
Көзімен арбап таstadtы...

Төгілді бір нұр дірілдеп,
Сібірдің ханы күлімдеп,
Сұлуды асқан ай қабақ,
Құшақтап, сүйіп, аймалап,
Дүниені басқа көрmedі,
— Не тілек, айта бер, — деді.

— Өміршім — өлем асқары! —
Деп сөзін Сүзге бастады:
— Хандығың ғажап тамаша.
Қоныс көп салған жаңаша,
Салтанат — сөнін асырған
Бірімен-бірі таласа.
Айрықша маған ұнайды,
Бір қоныс жатқан оңаша.

Алқапта тұрган алшақтау,
Қос қапталынан қоршап тау,
Қалған жағы ашық сол қоныс,
Қырқадан аққан жерге еңіс
Сарқырап бұлақ тынбайды.
Етекте, жерде қол созым
Адуын Ертіс шулайды.

Келсе егер шаруа орайы,
Маздайтын сезім алауы,
Мекенге осы ыңғайлы
Салынса... ханның сарайы.

Хан ием, ойлан бұл жайды,
Пендеңнің осы қалауы.

— Қабыл, — деді хан тілегің,
Сүзге айтты: — Ием, тірерім,
Өтінішім бар тағы да,
Сібірдің айлы кешінде,
Ертістің байтақ төсінде
Жүзетін еркін ыргалып,
Мен үшін жасат бір қайық.

Мұны да Көшім құп етті.
Сүзге айтты соңғы тілекті:
— Ләzzатқа жанды батырып,
Жүрейін таңды атырып,
Әр апта сайын екі рет
Жанымса қонып кетіңіз,
Пендеңе раҳым етіңіз.

— Жарайды, — деді хан бұған,—
Сарайды айтқан салдырам,
Желкенді қайық алдырам,
Әр апта сайын екі рет
Сағыныш шөлін қандырам,
Жаныңды нұрға малдырам...

CУЗГІН

Арада уақыт өткенде,
Белгілі мерзім жеткенде,
Ханымға сарай салынды,
Таңдаған Сүзге көк белде.

Көз жауын алар келбетті,
Өспеттеп салған өрнекті,
Таппассың мұндай орданы
Шарласаң тегіс жер-көкті.

Үйенці, қайың, шыршалар...
Үістықта күннен түмшалар.
Гүл бақтың бойын қуалай
Тәгіліп тұрап нұр, самал.

Жайлыштың орын болды жанға шын.
Жағалап өзен арнасын,
Жүреді жасақ күзетіп,
Көшімнің көркем ордасын.

Бізге шын, сізге ертегі,
Қоныстың осы көркемі.
Жасауылдардың қылышы
Сыңғырлап бір күй шертеді.
Он адам қатар ескенде,
Керіліп аппақ желкені,
Жүзеді қайық екпіндеп,
Тілгілеп Ертіс — еркені.

Қыс өтіп, жайлап жаз келер,
Қалықтап аққу, қаз келер.
Кілемдей жайнап атырап,
Құлпырып аймақ өзгерер.
Жапырақ жайып тал, шілік...
Түрленер түгел боз кемер.
Бұлқынтып бұла бұлақты,
Жүректе жағып шырақты,
Табиғат алар тез бедел.

Астында мынау көк аспан,
 Ажары аймен таласқан,
 Қаракөз ханым салдырган
 Сүзгіннен мекен жоқ асқан.

Тұс аяу аптал басылар,
 Самалдың лебі шашырап.
 Орданың өсем қақпасы
 Кереге көзді ашылар.
 Салтанат толы сарайдан
 Маңайға сөule шашылар.
 Шығады ханым ордадан
 Қадамын кербез басып өр.
 Далада тосқан қыздарға
 Асықпай келіп қосылар.
 Қенизак қыздар хауызға
 Құруға шатыр асығар.
 Сүзгенің құлын денесін
 Ақ торғын шатыр жасырап...

Қасында құрбы-қатары,
 Шомылыш ханым жатады.
 Құлқі мен судың сыңғыры
 Думанға бөлеп жотаны,
 Бір жасап қалған Сүзгенің
 Рахатқа жаны батады.

Күн нұры көктен себелеп,
 Гүлдерге қонған көбелек.
 Осында дүние жұмағы,
 Қасында барлық керемет.

Көлеңке кетті үзарып,
 Ханымның жүзі қызырап,

Алмадай беті албырап,
Денесі балғын балбырап,
Хауыздан шықты, көңілі —
Жараган бейне арғымақ.

Асықпай бәрі киінді,
Тігілген шатыр жиылды,
Күтуші қыздар ханыммен
Шыршаға оқшаша бұрылды.

Аймалап самал жел бетті.
Көңілді сезім тербетті.
Арулар ағаш астына
Кілемді жайды өрнекті.
Күтуші қыздар қасында,
Сүзге оған бірден төрледті.

Сызылтып ғажап өнді қыз,
Ортаға келді бал қымыз,
Құйылған алтын кесеге
Сусыннан жұтып жанды жұз...

Көздері жайнап нұрланып,
Күтуші қыздар зыр қағып,
Опалап бірі самайды,
Біреуі шашын тарайды.
Жайылып жанның желегі.
Рахатты ханым көреді.
Өрнектеп маржан шашпаумен
Біреуі шашын өреді.

Жұлдыздай жайнап жанары,
Дірілдеп екі анары,

Орнынан тұрған Сүзгені
 Желпиді Сібір самалы.
 Күтуші қыздар қолтықтап,
 Ордаға ханым барады.
 Үлпілдеп тұрған ақ мамық
 Төсегін қыздар салады.

Төсекке ханым жайгасты,
 Көңілін тұрлі ой басты.
 Жүргегін тербелеп құс өні,
 Қиялы көкке үшады.
 Ендігі жетпей тұрғаны —
 Көшімнің оттай құшағы...

ҚАУЕСЕТТЕР

Пердесі тұннің керілді,
 Ұйқыға ханым берілді.
 Сүзгенің аяқ жағында
 Жыбырлатқан сөл ерінді
 Күтуші қыздар аузынан
 Әңгіме тұрлі төгілді.
 Қауесет жібі өрілді.

Елемей тұнді қараңғы,
 Есепке алмай адамды,
 Бір ақ ит мекен етіпті
 Мүйісте ашық алаңды.

Бір қара қасқыр келіпті,
 Оны да халық көріпті.
 Айқасып олар қалыпты,
 Ақ итті қасқыр жарыпты.

Көңілің тағат табар ма?
 Ит қаны тамған аланға
 Ақ қайың қаптап өсіпті,
 Жориды ел мұны жаманға...

Болып түр небір сұмдықтар,
 Шығыстан келген бір бұлт бар.
 Устінде қамал, күмбез кіл,
 Көрінер түсте бір мезгіл.
 Бір дауыл соғып Оралдан,
 Түк қалдымай сол қамалдан
 Қиратып кеткен. Жөне де
 Үйқыға халық оранған
 Мезгілде Искер жақтағы
 Белгілі ескі заманнан
 Орнаған зират алаңнан
 Жарқылдаш қылыш, жан-жаққа
 Жат тілде дауыс таралған...
 Күтіп түр қандай сор алдан.

Дақпыртты осы есіткен
 Шықпайды ел қунде мешіттен.
 Сезіп түр жүрек сұмдықты,
 Болмаса... пәле бір мықты,
 Неге жұрт сонша дүрлікті?..

ЖАУШЫ

Төгілген таңың арайы,
 Сұзгенің алтын сарайы.
 Жасауылбасы келіп түр,
 Ағарған тегіс самайы.

Басыпты оның өңін мұн,
 Қажыған әбден секілді.
 Күтуші қыздан ханымның
 Тез қабылдауын өтінді.

Ай жүзін самал жел өпкен
 Көлегейлеп сөл желекпен
 Сүзгеде тағат қалмады
 Келген соң жаушы кенеттен.
 Жүрегі тулап, дұрсілдеп,
 Күтупші қызды жұмсады,
 Жасауылбасы кірсін деп.

Қарт сарбаз кірді, иілді,
 Баstadtы сөзін түйінді:
 — Хабар бар, ханым, тым жайсыз,
 Бір Алла өзі сақтасын.
 Қақпана ханның жаушысы
 Тіреді жаңа ат басын.

Оралтау жақтан, батыстан,
 Ентелеп бір жау кіріпти.
 Қаруы кілең от ұшқан,
 Салуда елге бұлікті.
 Сібірде барлық бағытқа,
 Ескертіп бүкіл халыққа
 Хан Қөшім жаушы шаптырды.
 Дүшпаннан қауіп тәнгесін,
 Жинамастай жау мәңгі есін,
 Жұмылдындар деп жорыққа.

Сізге де, ханым, жеткіздім
 Қөшімнің берген жарлығын.

Ескертіпті уақыт тарлығын,
Қор қамдап азық-тұліктен,
Бекітсін депті қақпаны,
Жинақташ күштің барлығын.

— Қай маңда дүшпан ор қазған? —
Сұрады Сұзге сарбаздан.
— Шірене тартқан садақтың
Бір сағат үшса жебесі,
Жайғасқан дүшпан алаптың
Көрінер еді төбесі...

Жасауылбасы қарт сарба:
Сұзгеден алды жарлықты.
Дүшпанға қарсы шараны
Қолдану үшін бар мықты.
Жинаймын деді жасақты
Қорғауға қала-хандықты.

БЕКІНІС

Күн қайда жүрер ырғалып,
Шетінен бәрі зыр қағып,
Ертемен тұрып, кеш жатып,
Кірісті жедел жұмысқа,
Бөрене қиып, тас уатып,
Сайланып шыққан жүз ұста.

Қорғаныс ісі тұр қызып,
Ор қазып, қорған тұрғызып,
Арада өтті қос апта.
Қоршалып тегіс маңайы,
Бекініс болды жасаққа
Сұзгенің өсем сарайы.

Көк толқын жатқан ентелеп,
 Өзенмен дүшпан келсе деп,
 Қорғанып Ертіс жағынан
 Оқ атар тесік қалдырыды.
 Дөл сондай тесік тағы да
 Шығыс бетте бар жар-қырлы.

Тұтқыл дүшпан баса алмас,
 Үстінен көктеп аса алмас,
 Аз күнде тастан өрілген
 Қоршауы биік қорған нық.
 Қарауылшыға көрінген
 Қалаға келер жол барлық.

Шет қалмау үшін хабардан,
 Искерге жұмсал шабарман,
 Ұзақ күн бойы сан рет
 Багдарлар дүшпан-дүлейді.
 Тек Көшім берген мөлімет...
 Бірінен-бірі үрейлі.

МАХМЕТҚҰЛ

Оқылып ақшам намазы,
 Қараңғы тускен кез еді.
 Сүзгенің бойы тоқазып,
 Бір жамандықты сезеді.
 Әр нәрсе келіп ойына,
 Еңсесін үрей езеді.

Осындай сәтте ай-шай жоқ
 Сарайға кірді бір жігіт.
 Ханымды тіпті байқау жоқ,
 Әйелдер қалды дүрлігіп.

Жігіттің жүзі ызгарлы,
Кек буып, алған ширығып.
— Бауырым, — деген дауысы
Ханымның шықты үздігіп,
Ойда жоқ мұндан қауышу,
Тудырган бойда жүз күдік.

— Құтыңды не зат кетірді,
Айт, тез, — деп Сүзге өтінді.
Жауынгер жауап бермеді.
Сүзге оны тағы тергеді:
— Не болды, айтшы, япырым-ай,
Аман ба, Көшім, ел қайда?
Көпірге келген шақырмай,
Алладан зауал болмай ма?..

Қайғыдан ауыр күрсініп,
Махметқұл жүзі тым сынық,
Семсерін кенет суырып,
Ызамен жерге лақтырды.
— Құрыңдық, — деді буынып.
Тік үстап бойын шақ тұрды.

— Өлігі қалды тау болып,
Қыргызып алдық өскерді.
Қаныпезер дүлей жау келіп,
Ойрандал жатыр Искерді,
Барлығын тастап Хан Көшім
Қашты. Өзің тусін өңгесін...

Сынағандай-ақ тәзімді
Үнсіздік біраз созылды.
Сүзгенің қағып жүрегі,

Көзінен моншақ парлады.
Алладан жалғыз тілегі:
Көшімнің аман қалғаны.

ШЕШІМ

Олай да былай адымдаپ,
Үйде жүр ханым інісі,
Бойында қайғы қалындаپ,
Тарылған өбден тынысы.

Кілемге төрде жайғасқан,
Сүзге отыр үнсіз ой басқан.
Махмет кенет тоқтады.
Апасының кеп қасына.
Жанарап — кектің шақпағы,
Тіл қатты баяу ашына:

— Кетуім керек мен бұгін,
Қорғаймын басқан елді мұң.
Жазғанын Алла көрермін,
Ажалым жетсе, өлермін.
Артық па жаным жанынан
Шаһит бол кеткен көп ердің.

Бұл істе терең мәніс бар,
Мен жоқта саған жоқ қауіп,
Софыса қоймас орыстар
Өйелмен, келіп топтанып.
Орыспен талай қырқысқам,
Ұғынғам оның сырын мен,
Көшімнен көрі бұл дұшпан
Қорқады мендей ініңнен.